

В НОМЕРЕ:

3

Областной проект
«Ұлттық Style»

5

Оқушылар сарайында
«Жас Ұлан» қатарына
қабылдау салтанаты өтті

11

Моя первая четверть
в школе

ГАЗЕТА
ПАВЛОДАРСКОЙ
ОБЛАСТНОЙ
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ
ОРГАНИЗАЦИИ

№№19-20
(448-449)
от 31 октября
2025 года

сенің әлемін

*Мереке құтты болсын,
оқырмандар!*





№№19-20
(448-449)

от 31 октября
2025 года

День девочек

11 октября отмечается Международный день девочек.

Накануне этого праздника в пятницу в нашей школе поздравляли девочек с Днём девочек. Учащиеся 9–11 классов собрались в актовом зале, где девочкам показали видеоролик с поздравлением от мальчиков. Приятно слушать добрые слова, это внимание и доброта. После этого поздравления каждой девочке подарили по одной красной розе.

Как хорошо, что существует в октябре такой праздник - Международный день девочек.

Спасибо нашим мальчикам за тройное внимание к нам, к девочкам. На день рождения,



на 8 Марта и день девочек. Дома наши родители тоже приготовили милые подарки. Спасибо всем за поздравления. Мама и сестры получили в подарок вкусняшки.

Девочки, девушки, женщины! Будьте здоровы, счастливы, любимы, и много – много радости на долгом жизненном пути!

**Сабина Орумбаева,
Евгения Гребеневич
10 класс
Павловская СОШ
Успенский район**

Расскажу о выставке цветов

В нашей школе проходит много мероприятий. День знаний, День здоровья, поход на природу. И вот новое мероприятие. В начале октября прошла выставка цветов.

Каждый класс очень постарался. Букетов и композиций из цветов было очень много. Назвать всех участников не могу, потому что почти все дети принесли цветы.

Выставка цветов порадовала и взрослых, и детей. По итогам выставки все участники получи-

ли грамоты. Спасибо взрослым, нашим учителям и родителям за такую выставку цветов. Мы получили грамоты за участие в такой прекрасной выставке.

Цветы - это большая радость для людей и отличное настроение.

**Аружан Базкен
2 б класс
Павловская СОШ
Успенский район**



Осенний бал

В нашей школьной жизни много мероприятий. За окном осень. И у нас прошли интересные мероприятия.

На осенний бал 0-4 классы пошли на природу и хорошо провели время. А у нас, у учеников 5-7 классов в школе прошел «Осенний бал».

Конечно же, мы подготовились к мероприятию. Для «защиты» овоща нам досталась морковь. Мы подготовили рассказ о моркови, приготовили салат из моркови. Другие классы тоже постарались и показали свою защиту овоща. Так, 5 класс рассказал о капусте, а 7 класс - о картофеле. Все классы приготовили блюда из овощей.

Были на Осеннем бале и интересные конкурсы. Вот такие, к примеру: «Собери кар-



тошку с завязанными глазами», «Прочисти тропинку себе от листьев», «Танец с шарами».

Мы интересно провели время. Осенний бал нам понравился.

После мероприятия мы всем классом пили чай в столовой со всякими вкусняшками.

Спасибо всем за интересное мероприятие. Организаторы мероприятия: Гульнара Жумади-ровна Есенгельдинова и Валерия Александровна Шевченко.

Спасибо нашим родителям за помощь в подготовке блюд из овощей и праздничного стола с вкусняшками. Спасибо всем за наше отличное настроение.

**Андрей Чуприн, Никита
Чуприн, 6 класс
Павловская СОШ
Успенский район**

Хлеб - основа жизни

Из школьных уроков русского языка мы знаем, что слово «хлеб» - это существительное. А на самом деле хлеб - это основа нашей жизни.

Самое главное богатство стола - это хлеб. «Без хлеба нет обеда» - гласит русская пословица. Некоторые взрослые даже пельмени едят с хлебом.

Хлебу был посвящен классный час. Он так и назывался «Хлеб всему голова». На классном часе мы увидели настоящий сноп пшеницы. Узнали, как растет пшеница, как убирают урожай. Всё - всё, весь путь от пшеницы до свежего хлеба. Каждый из нас мог вдохнуть аромат свежеспеченного хлеба. А хлеб наши родители испекли утром. Мы могли откусить хлеб, посолить его и кушать с удовольствием. Наши родители очень постарались. Они испекли много вкусняшек из пшеницы, вернее, из муки. Пшеница - это богат-

ство родных наших степей. Наша Наталия Петровна смогла нас так увлечь рассказом о хлебе, что мы надолго всё это запомним.

Хлеб - основа питания. Хлеб - основа жизни. Мы благодарим нашу учительницу Наталию Петровну Шавенкову за добрый классный час о Хлебе. Спасибо нашим родителям за помощь в приготовлении вкусняшек из пшеницы. Вкус свежего хлеба не забыть никогда!

Пусть на небе светит солнце, за окном тепло, а на столе - хлеб да каша - еда наша. Мира и добра всем, кто растит хлеб!

**Роман Ганикель 2 РВГ
школа имени Торайгырова
город Павлодар**



3стр.



№№19-20
(448-449)

от 31 октября
2025 года

Областной проект «Ұлттық Style»

Каждый новый день в школе обязательно отличается от предыдущего. Расскажу об одном новшестве.

10 октября управление образования Павлодарской области запустило областной проект «Ұлттық Style». И вот теперь каждая пятница - день национального стиля. Мы приходим в школу в национальном костюме, или же можно добавить к школьному образу элементы национального стиля, этноаксессуары. Теперь в течение учебного года каждую

пятницу каждый взрослый, работающий в школе, и каждый ученик может носить одежду с элементами национального стиля.

Всё в наших руках! Благодаря помощи наших родителей, мы можем носить национальную одежду или вносить элементы в свою школьную форму.

Выбор - за каждым из нас.

**Роман Ганикель 2 РВГ
школа имени Султанмахмуда
Торайгырова
город Павлодар**



ТЕМА



№№19-20
(448-449)

от 31 октября
2025 года

КОНГРЕСС КІТАПХАНАСЫ

Конгресс кітапханасы – Америка Құрама Штаттарының ұлттық кітапханасы және Құрама Штаттардың Конгресінің негізгі зерттеу филиалы саналады. Кітапхана Вашингтон қаласында үш бірдей ғимаратта орналасқан. Конгресс кітапханасы саны жөнінен де, алып жатқан аумағы жағынан да әлемдегі ең үлкен кітапхана. Мұндағы қызметкерлердің санының өзі 3 мың адамнан асады. Кітапханада 437 түрлі тілде жазылған 32 миллионнан аса кітап пен құнды ақпараттар, 61 миллиондай қолжазба, Солтүстік Америкада сирек кездесетін кітаптар жинағы, 1 миллионнан астам мемлекеттік баспа, үш ғасырдан бері жиналып келе жатқан 1 миллионға жуық әлемдік газет, заңдық құжаттардың әлемдегі ең үлкен жинағы, фильмдер, 4,8 миллион карта, ноталар, 13,7 миллионнан астам сурет бар.

БРИТАНДЫҚ КІТАПХАНА

қолданушыларына ақпараттарды қарап, керекті мәліметтерді көшіруге мүмкіндік берілген.

АЛЕКСАНДРИЯ КІТАПХАНАСЫ

Атағы жер жарған бұл кітапхана – антикалық кезеңнен бері өмір сүріп келеді. Біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырдың бас кезінде Александрияда көрнекті ғалымдардың қатысуымен Птоломей әулетінің алғашқы екі патшасы негізін қалаған. Алғашқы кездері Мысырда кітапханалар ғибадатханаларда салынған және оларды абыздар қарауылдайтын болған. Өз заманында Александрия кітапханасы ең алып кітапхана саналып, онда 750 мың қолжазба орамы жинақталған. Қазір бұл – Мысырдың ең басты кітапханасы әрі мәдени орталығы ретінде танымал. Кітапхана ғимараты Жерорта теңізі жағалауындағы Александрия қаласында орналасқан.

РЕСЕЙ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ

Ресей Ғылым Академиясының кітапханасы I Петрдің бұйрығымен



Стокгольм кітапханасы швед сәулетшісі Гуннар Асплундтың басшылығымен тұрғызылған. Құрылыс жұмыстары 1924 жылы басталып, төрт жылдың ішінде, яғни 1928 жылы аяқталып, пайдалануға берілген. Ескере кететін жайт, бұл кез келген кітап оқуға құштар адамды қабылдайтын тұңғыш шведтік кітапхана саналады. Мұнда 200-

Мартин Лютердің қолжазбаларын, Иммануил Канттың, Томас Мордың және Джон Милтонның алғашқы басылымдарын ұрлап кеткен. Жоғалған кітаптар 1975 жылы ғана табылған.

АЗИЯНЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН КІТАПХАНАСЫ

Көршілес Қытайдың ұлттық кітапханасы – Азияның және



Аталмыш кітапхана Ұлыбританияның ұлттық кітапханасы саналады. Әлемнің ең үлкен кітапханалары қатарындағы кітапхана Лондонда орналасқан. Онда әлемнің ең танымал тілдеріндегі 150 миллионнан астам құнды ақпарат, кітаптар, газеттер, видеоақпараттар, әуенді жазбалар, карталар мен суреттер жинақталған. Оған қоса 25 миллионға жуық сирек кездесетін қолжазба мен кітаптардың жинақтары бар. Аталған қолжазбалар біздің заманымызға дейінгі 300 жылдардан хабар береді. Көлемі жөнінен әлемде АҚШ-тағы кітапханадан кейінгі екінші орында тұр. Мұнда Google

1714 жылы тұрғызылған. Кітапхананы ұйымдастырудағы басты мақсат – еуропалық білімге құштар, барлық сауатты адамдарды кітаптармен қамтамасыз ету болды. Кітапхана қоры – көптілі және әмбебап. Бастапқы кезде кітапханада 2 мыңға жуық кітап болса, 1783 жылы II Ектеринаның бұйрығынан кейін кітапханаға Ресейде жарық көрген барлық баспалар әкеліне бастады. Бүгінде Ресей Ғылым Академиясының кітапханасы – бүкілресейлік мемлекеттік әмбебап кітапхана ретінде жұртшылыққа белгілі әрі әлемнің ең үлкен ғылыми кітапханаларының қатарынан орын алады.

СТОКГОЛЬМ КІТАПХАНАСЫ

ден астам қазақ тіліндегі кітаптар сақталған.

КОПЕНГАГЕНДЕГІ КОРОЛЬДІК КІТАПХАНА

Копенгагендегі Корольдік кітапхана – Данияның ұлттық кітапханасы. Бұл кітапхананың қоймасында тарихи әрі құнды басылымдардың үлкен мөлшердегі қоры сақталған. Корольдік кітапханада XVII ғасырдан бері Данияда басылып келе жатқан кітаптардың түгел нұсқалары бар. Сонымен қатар, мұнда 1482 жылы Данияда басылған тұңғыш кітап та сақталған. 1968 және 1978 жылдар арасында кітапханаға ең ірі ұрлықтардың бірі жасалды. Ұрылар үлкен сомаға бағаланған 3200 тарихи кітапты, оның ішінде

әлемнің ең ірі кітапханаларының бірі саналады. Ғылыми, ұлттық басылымдарды сақтау қоймасына айналған кітапхананың жалпы аумағы 170 мың шаршы метрді құрайды. Ғимарат әлемдік кітапханалар арасында бесінші орын алады. 2003 жылдың соңына қарай кітапхана 24 миллион 110 мың томның бай коллекциясын жинақтады. Коллекцияда 270 мың том сирек кітаптар, 1 миллион 600 мың том ежелгі кітаптар бар. Мұнда тек Қытай кітаптары ғана емес, сонымен қатар шетел тіліндегі материалдардың ең үлкен топтамасы да шоғырланған. 1909 жылы іргесі қаланған кітап үйінің қоры 32 миллион кітапты құраса, жылына келушілер саны 5,2 миллионға жеткен.



№№19-20
(448-449)

от 31 октября
2025 года

Оқушылар сарайында «Жас Ұлан» қатарына қабылдау салтанаты өтті

21 қазан күні М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайында Республика күніне

— Бұл күн – балалар үшін өмір бойы есте қалатын ерекше сәт. «Жас Ұлан» қатарына қабылдану – мектеп



пен қоғам өміріне жауапкершілікпен араласудың, өз еліне адал қызмет етудің алғашқы қадамы. Салтанатты түрде ант қабылдаған жас ұландар өз қатарластарына үлгі болып, Отанға деген сүйіспеншілік пен достық, мейірімділік және бірлік идеяларын дәріптеуге уәде берді,

— дейді Оқушылар сарайының бұқаралық бөлімінің меңгерушісі Самал Сүлейменова.

Сол күнгі салтанатта Павлодар қаласындағы №7 жалпы орта білім беру мектебінің 2 «А» сынып оқушысы Айтмұханбетов Ибрахим де ел алдында ант

арналған ерекше мерекелік шара – «Жас Ұлан» қатарына қабылдау салтанаты өтті. Бұл күні өңірдің ең белсенді және үлгілі 100 оқушысы балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының – «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» – жаңа мүшелері атанды.

Салтанатты рәсімге облыстың білім беру ұйымдарынан белсенді, бастамашыл және көшбасшылық қасиеттерімен көзге түскен оқушылар, ұстаздар мен ата-аналар қатысты. Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың азаматтық ұстанымын қалыптастыру, елжандылық сезімін арттыру және қоғам өміріне белсенді қатысуға ынталандыру болды.



беріп, «Жас Ұлан» ұйымының белсенді мүшесі атанды.

Мерекелік жиынға қатысқан қонақтар жас буынның рухы мен отаншылдығын жоғары бағалап, оларға табыс пен жарқын болашақ тіледі.

Айта кетсек, бүгінгі таңда облыс бойынша жалпы оқушылар құрамының 80 пайызы – бұл 70 мыңнан астам бала – «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының белсенді мүшелері болып табылады.

Бұл салтанатты қабылдау – балалар өміріндегі ұмытылмас белес, елжандылық пен мейірімнің, әділдік пен бірліктің жарқын көрінісі болды.



№№19-20
(448-449)

от 31 октября
2025 года

Я люблю свою Родину

Родина — это не просто место, где мы живём. Это наша семья, наш дом, наш город и вся наша страна. Родина живёт в сердце каждого человека.

Меня зовут Тансу. Я живу в красивом и уютном городе Павлодар. Это моя малая Родина. Я учусь в школе №39, и каждый день иду туда с радостью. В нашей школе много добрых учителей и весёлых ребят. Мы очень дружны, вместе играем, участвуем в праздниках и помогаем друг другу.

Павлодар — город на берегу великой реки Иртыш. Я люблю гулять по набережной: смотреть на воду, на мост и закаты. Здесь тихо, красиво и спокойно. Недалеко от города есть леса и поля, где летом всё цветёт и зеленеет. Природа вокруг моего города

очень красивая — она тоже часть моей Родины.

Моя семья — это моя опора. Мама, папа и близкие всегда рядом, они заботятся обо мне, помогают и поддерживают. С ними я чувствую себя счастливой, а значит, и Родина моя — счастливая.

Казахстан — огромная и прекрасная страна! Здесь живут добрые и трудолюбивые люди. У нас много красивых мест — степи, горы, озёра, леса. В столице, Астане, есть современные здания и удивительные достопримечательности, например Байтерек — символ мира и процветания. Я горжусь, что живу в такой стране, где уважают традиции, культуру и дружбу народов!

Когда я вырасту, я обязательно стану хорошим специалистом



в своей профессии и буду полезна своей Родине, я очень люблю свою Землю и стараюсь хорошо учиться и познавать все новое и новое для моих будущих открытий.

Я люблю свою Родину — мой дом, мой город, мой Казахстан. Здесь моё сердце, мои близкие и всё, что мне дорого. Пусть наша страна всегда будет мирной, счастливой и процветающей!

Жұмаш Тансу, ученица 4 «В» класса КГУ СОШ №39 города Павлодара. Руководитель: Нурекунова Гульзат Кунапьяновна

Журналист болғым келеді

Менің есімім Ақбике. Мен бос уақытымды пайдалы өткізгенді ұнатамын. Би үйірмесіне, «Сырмақ» қол өнер студиясына және Оқушылар сарайындағы «Қаламгер» үйірмесіне барып жүрмін. Біз бұл үйірмеде кішкентай журналист болып ойнаймыз. Болашақ журналист болу үшін тіл байлығымыз жақсы болу керек. Сол үшін көп оқимыз. Мен осы жерде мақал-мәтел жатай-

мын, ертегі оқимын, шығарма жазамын, жұмбақ шешемін.

Мені бұл үйірмеге әжем әкеліп жүреді. Сол үшін әжеме көп рақмет айтқым келеді. Мен журналист болғым келеді, сол үшін осы үйірменің пайдасы маған өте зор.

Ақбике Сатбек, Оқушылар сарайы, «Қаламгер» студиясы.



Менің Отаным — Қазақстан

Менің туып-өскен жерім — Қазақстан. Қазақстан — ұлан-байтақ, тәуелсіз ел. Өз туы, елтаңбасы, әнұраны бар.

кетте әр түрлі өзге ұлт өкілдері бейбітшілікте өмір сүреді. Мен Отанымды жақсы көремін және мақтан тұтамын.



Жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орынға ие, Мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Қазақ елі ең қонақжай, мейірімді, жанашыр, патриот. Біздің мемле-

Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2 «Д» сынып оқушысы Қайрат Алихан

Менің Отаным

Менің атым-Альсайд. Мен жеті жастамын. Мен өз Отанымды жақсы көремін. Біздің еліміз қте әдемі, кең, табиғаты керемет. Таулар, өзендер, ормандар бәрі де сұлу. Маған біздің ту мен

қуаныштымын. Өскенде Отанымды қорғайтын, пайдасы тиетін азамат болғым келеді.

Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта білім



елтаңба ұнайды. Себебі олар күш пен бірлігімізді көрсетеді. Мен Қазақстанда туғаным

беретін мектебінің 2 «Д» сынып оқушысы Ниязов Альсайд

Менің елім — Қазақстан



Менің туып-өскен жерім — тәуелсіз Қазақстан. Мен еліммен мақтанамын. Кең байтақ даламыз, өзен-көлдеріміз, биік тауларымыз, үлкен қалаларымыз — бәрі де менің елімнің көркі. Біздің елде көптеген ұлт өкілдері тұрады, олар бір-бірімен тату, достықта өмір сүреді. Мен өз елімді қатты

жақсы көремін. Қазақстан — менің үлкен отбасым.

Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2 «Д» сынып оқушысы Темірбек Медина



№№19-20

(448-449)

от 31 октября
2025 года

«Вдохновение» — это жизнь в движении

Более сорока лет ансамбль танца «Вдохновение» живёт и дышит творчеством. За эти годы через наш коллектив прошли сотни мальчишек и девчонок, для которых танец стал не просто хобби, а частью души, способом выразить себя и почувствовать радость сцены.

Ансамбль был создан в 1984

своему делу.

Сегодня в ансамбле занимаются более 80 воспитанников в возрасте от 4 до 18 лет. Наши ребята танцуют народные, классические и современные композиции, изучают культуру разных народов, учатся работать в команде, быть дисциплинированными и целеустремлёнными. Каждый танец



году во Дворце школьников имени М.М. Катаева. У истоков коллектива стояла мой педагог и наставник — заслуженный отличник образования Нина Леонидовна Гончарук. Именно она заложила фундамент нашей творческой школы, воспитала любовь к танцу и дала мне пример искренней преданности

для нас - это история, эмоция, движение сердца.

Мы много выступаем - на городских, областных, республиканских и международных конкурсах. В копилке коллектива уже более 90 международных и 48 республиканских наград. Но для меня самое ценное - это не кубки и



грамоты, а блеск в глазах детей, когда они выходят на сцену и чувствуют, что их танец - это маленькое чудо.

Этим летом мы приняли участие в IX Международном конкурсе детского творчества «Иссык-Куль собирает друзей». Это был невероятный опыт: старшая группа заняла первое место с бурятским народным танцем «Ёхор», а средняя группа — второе место с русским танцем «Калинка». Кроме того, мы показали стилизованные казахстанские постановки «Би шашу» и «Көктемге ояну».

Мне очень приятно видеть, как растут и развиваются мои ученики. Многие из них выбрали

профессию, связанную с хореографией, учатся в Казахстане, России и даже в Германии. Я горжусь каждым из них.

Для меня «Вдохновение» — это не просто коллектив. Это большая дружная семья, где каждый ребёнок чувствует поддержку, любовь и веру в себя. Мы танцуем, чтобы радовать зрителей, дарить им красоту и добро. Ведь танец — это язык души, который понимают все.

**Галина Александровна
Лапухина,**
руководитель образцового
ансамбля танца
«Вдохновение»

Жұбан мен Жүмекен – рух пен ерліктің жыршылары

2025 жылдың 23 қазан күні М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайында «Жұбан Молдағалиев пен Жүмекен Нәжімеденов – дәуір үні, ел рухы» атты әдеби-патриоттық сағат өтті. Шара Қазақстан Республикасының күніне арналды.

Әдеби кештің шымылдығы «Мұрагер» үлгілі домбыра ансамблінің орындауындағы «Дала рухы» күйімен түрілді. Ұлт рухын асқақтатқан бұл әуен көрермен көңілін тебіренгісіз, шараның мазмұнды да әсерлі өтуіне әдемі үн қосты.

Іс-шара барысында «НҰР АНА әлемі» қоғамдық бірлестігінің мүшелері Ғалия Балтабайқызы Сұңғатова мен Бақыт Қашенова қатысушыларға жүрекжарды тілектерін арнап, ел бірлігі мен тәуелсіздіктің қадірін қастерлеуге шақырды.

Кеште «Республика күні – Тәуелсіздікке бастаған қадам»

атты презентация ұсынылып, онда еліміздің егемендікке жету жолындағы тарихи белестер мен Жұбан Молдағалиев пен Жүмекен Нәжімеденовтің Отанға деген шексіз сүйіспеншілікке толы жырлары кеңінен таныстырылды.

Арнайы шақырылған қонақ — Ақсу қаласы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы, ақын Алтынбек Елемесұлы сөз алып, қос ақынның шығармашылық мұрасының жас ұрпақ үшін мәңгілік өнеге екенін атап өтті.

Іс-шара мазмұндық тұрғыдан бай, тәрбиелік мәні зор деңгейде өтіп, оқушылардың бойында патриоттық рух пен елжандылық сезімін нығайтуға ықпал етті.

Шараның ұйымдастырушысы — Оқушылар сарайының мұражай жетекшісі Б.С. Аралбаева, «Ақсу» және «Мирас» облыстық жобаларының үйлестірушісі М.Б. Темірбулатова.





№№19-20
(448-449)

от 31 октября
2025 года

5 қазан – ірі эпик ақын, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Жұбан Молдағалиевтің (1920-1988 ж.) туғанына 105 жыл. Ол Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы Жыланды деген жер-

тақырыптары көрініс тапқан. Жұбан Молдағалиев – қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған тұлға.

28 қазан - (1893-1920) ақын, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыров дүниеге келді.



де туған. Жетіжылдық мектепті, Орал ауыл шаруашылығы техникумын бітірген. 1940-1947 жылы әскер қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысты. Соғыстан кейін баспасөзде, Қазақстан Жазушылар одағында

Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданында туған. 3 жасында шешесі қайтыс болып, 6 жасына дейін әжесінің тәрбиесінде болған.

Кейін әкесі екі ұлымен Баянауылға көшіп, Торайғыр



басшылық қызметтер атқарды. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Жеңіс жырлары» деген атпен жарық көрді. «Кісен ашқан», «Қыран дала», «Сел», «Мен – қазақпын» поэмалары үшін мемлекеттік сыйлықтармен марапатталды. Оның шығармалары ағылшын, неміс, француз, испан және басқа да тілдерге аударылған. Ақынның ең танымал шығармасы «Мен – қазақпын» поэмасы қазақ халқының тарихын, ұлттық рухын асқақтатқан туынды. 1986 жылы Қазақстан Жазушылар одағында Г.В. Колбинмен кездесуде Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастарды батыл қолдап, олардың әділетті талаптарын қорғады. Оның лирикалық шығармаларында Отанға деген сүйіспеншілік, қазақ тілі, ана мен әйел, махаббат, соғыспен бейбітшілік, ұлттық рух



кентіне таяу жерге қоныстанған. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың балалық шағы осы ауылда өтті. Әкесінен ескіше хат танып, 13 жасынан бастап молдадан дәріс ала бастады. 1911 жылы Нұралы деген ұстаздың көмегімен қазақ, татар тілдерінде әдеби кітаптармен танысты.

1912 жылы Троицкідегі Ахун-Рахманқұлы медресесіне түседі.

Бірақ, мұнда бір жылдай оқыған ол өкпе ауруының зардабынан оқудан шығып қалады. Осылайша, Сұлтанмахмұт медреседе оқуды қойып, орысша оқу іздейді. Қала маңындағы елде жаз бойы бала оқытады.

Осы кезден бастап, ақындыққа ден қойып, сол жылдары оқып жүрген жастарға «Ендігі беталыс», «Шығамын тірі болсам, адам болып» атты бірнеше өлең жазды. Осы тұста әйгілі «Қамар сұлу» романын жазуды бастады.

«XX ғасырдың басында қазақ әдебиетіне роман керек деген тәрізді пікірлер көп айтылған. Мысалы, «Айқап» роман бәйгесін жариялайды. Роман жазыңыздар» деген сияқты хабарлама берген. Сол кезде Сұлтанмахмұт өзінің «Кім жазықты?» деген романын береді.

Бұл роман өте күрделі роман. Бұл – екі адамның ортасындағы қарым-қатынасты айтып қана қойған шығарма емес. Бұл романда кейіпкерлердің көркем бейнесі, ішкі психологиясы бар. Олардың қиналған сәттерін суреттейтін беттері толып жатыр», дейді филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнол-Ғабден Бисенғали.





№№19-20
(448-449)

от 31 октября
2025 года

2025 жылдың қараша айында тойланатын даталар

12 қараша – композитор, Қазақстанның халық артисі Евгений Брусиловскийдің (1905-1981 ж.) туғанына 120 жыл. Ол Ресейде Ростов-на-Дону қаласында дүниеге келді. Ле-

жазды. Еңбегі үшін Халықтар Достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

25 қараша – Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, «Алаш»



нинград консерваториясын профессор М.О. Штейнбергтің композиция класы бойынша бітірген. Евгений Брусиловский қазақтың музыкалық фольклорын зерттеуге ерекше көңіл бөліп, Н.Бөкейханов, Л.Мұхитов, М.Бөкейханов, И.Байзақов сияқты халық композиторларының әндері мен күйлерін жинақтап, ноталық жазбаға түсірген. Ол қазақ операсының негізін қалаушы ретінде «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» сынды алғашқы ұлттық операларды жазды. Сонымен қатар «Сарыарқа», «Целинная», «Құрманғазы» симфонияларын, кантаталар, 50-ден астам ән мен романсты дүниеге әкелді. Оның шығармашылығы қазақ халқының әуендік дәстүрлерін терең түсінуімен ерекшеленді. Композитор қазақ халқы музыкасын кәсіби деңгейге көтерді. Қазақ музыкалық мәдениетіне қосқан зор үлесі үшін Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

24 қараша – Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Бегалиннің (1895-1983 ж.) туғанына 130 жыл. Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Дегелең ауылында дүниеге есігін ашты. 1915 жылы Семейдегі орыс-қырғыз (қазақ) училищесін бітірген. Әр жылдары түрлі мемлекеттік қызметте, сондай-ақ «Теміржолшы» газетінде, Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтында, Қазақстан Жазушылар одағында жұмыс істеді. Алғашқы өлеңі «Қазақ бозбалаларына» 1914 жылы «Айқап» журналында жарияланды. «Қыран кегі», «Сырлы қайнар» сынды поэтикалық шығармаларымен қатар, «Сәтжан», «Жеткіншектер», «Шоқан асулары», «Қыран туралы аңыз» сынды балалар мен жасөспірімдерге арналған повестері бар. «Замана белестері» атты романы жарық көрген. Ол халық ақындарының шығармаларын жинап, «Халық ақындары», «Өмір жыры» жинақтарын құрастырды, Жамбыл Жабаев туралы монография

партиясының жетекшісі Міржақып Дулатұлының (1885-1935 ж.) туғанына 140 жыл. Ол бұрынғы Торғай облысындағы Сарықопа



болысында (қазіргі Қостанай облысының Жанкелді ауданына қарасты «Қызбел» ауылы) дүниеге келген. Әкесі Дулат көзі ашық, қолөнерге шебер, дәулетті адам болған. Анасы Дәмештен екі жасында айырылып, 12 жасында әкесі қайтыс болған соң, ағасы Асқардың қолында тәрбиеленді. Алғаш ауыл молдасынан білім алып, кейін екі сыныптық орыс-қазақ училищесін және оқытушылар курсын бітіріп, мұғалім болды. Ұстаздық ете жүріп, елдегі әділетсіздік пен отаршылдық езгінің зардаптарын көріп, ұлттық күреске бет бұрды. 1904 жылы Омбыға барып, Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлымен танысып, Алаш қозғалысына қосылды. 1909 жылы Қазанда «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы жарық көріп, патша үкіметінің қуғынына ұшырады. 1910 жылы «Бақытсыз Жамал» атты алғашқы қазақ романы басылып шықты. 1913 жылы А.Байтұрсынұлымен бірге «Қазақ» газетін шығарып, ұлт-азаттық



қозғалысты насихаттады. 1922-1926 жылдары Орынбордағы Қазақ халыққа білім беру институтында (КИНО) ұстаздық етті. «Есеп құралы», «Қирағат кітабы» сияқты оқулықтар жазды. 1928 жылы кеңес үкіметі тарапынан тұтқындалып, 1930 жылы 10 жылға сотталды. 1935 жылы Ақтеңіз-Балтық каналының бойындағы Сосновец лагерінде ауыр науқастан қайтыс болды. 1988 жылы толық ақталды. Бүгінде Міржақып есімімен көшелер, мектептер аталып, туған жерінде мұражайы бар, ескерткіш орнатылған.

28 қараша – Қазақстан Республикасы мемлекеттік әнұранының (мәтіні) авторы, көрнекті ақын, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері Жүмекен Нәжімеденовтің (1935-1983 ж.) туғанына 90 жыл. Ақын Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Қошалақ құмының Ашақ деген жерінде туған. Ол поэзияда ұлттық рух пен терең философиялық ойды ұштастырып, қазақ жырына жаңа леп әкелген ақын. Оның шығармалары өмірдің сан қатпарлы шындығын терең

суреттеуімен ерекшеленеді. Ақынның «Менің Қазақстаным» өлеңі 2006 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранының негізіне айналды. Сонымен қатар, ол күй өнерін терең меңгерген дарынды күйші ретінде де танымал. «Күй кітабы» жинағы қазақтың дәстүрлі музыка өнеріне арналған ерекше еңбектердің бірі. Проза саласында «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Даңқ пен дақпырт» романдарын жазып, қазақ әдебиетіне көркемдік деңгейі жоғары шығармалар қосты. Оның аударма саласындағы еңбектері де ауқымды – Сағидидың «Бұстан» дастанын, А.Блок, М.Лермонтов, В.Маяковский шығармаларын қазақ тіліне аударған. Жүмекен Нәжімеденовтың есімі туған ауданындағы ауыл мен мектепке берілді. Оның өмірі мен шығармашылығына арналған «Жүмекен» деректі фильмі түсіріліп, Қ.Юсупов, М.Азбанбаев сынды зерттеушілер ақынның шығармашылығы туралы еңбектер жазды. 2010 жылы «Менің Қазақстаным» атты өлеңдер мен дастандар жинағы үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығына ие болды.





№№19-20
(448-449)

от 31 октября
2025 года

25 октября Казахстан отмечает День Республики — национальный праздник, символизирующий начало пути к государственности и укреплению независимости. Эта дата связана с провозглашением Декларации о государственном суверенитете 25 октября 1990 года, ставшей первым юридическим шагом к полной независимости.

Провозглашение суверенитета

История Дня Республики берет начало в эпоху распада Советского Союза. В 1990 году Казахстан, будучи частью СССР как Казахская Советская Социалистическая Республика (КазССР), находился на пороге перемен. 25 октября 1990 года была принята Декларация о государственном суверенитете, провозгласившая приоритет казахстанских законов над союзными. Этот документ стал отправной точкой на пути к независимости, хотя Казахстан формально оставался частью СССР с правом выхода из него.

В начале 1990-х годов День Республики отмечался в условиях политической и экономической нестабильности. Первые празднования носили официальный характер: проводились митинги, торжественные собрания и мероприятия, на которых подчер-



популярных исполнителей, выставкам народного творчества и спортивным мероприятиям. Эти изменения отражали стабилизацию ситуации в стране и рост интереса к культурной самобытности. В декабре 2001 года День Республики получил статус государственного праздника, что подчеркнуло его значимость. Однако в апреле 2009 года празднование было отменено. Некоторые эксперты указывали, что Декларация о суверенитете касалась Казахской ССР, а не

оформлена лишь с принятием Закона "О государственной независимости" в декабре 1991 года, что отодвинуло День Республики на второй план.

Возвращение праздника

Отношение к Дню Республики изменилось в 2022 году, когда президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев на Национальном курултае 16 июля предложил вернуть празд-

твяре 2022 года Парламент Казахстана утвердил поправки в Закон "О праздниках в Республике Казахстан", закрепив 25 октября как национальный праздник, а 16 декабря как государственный. Возвращение статуса было названо "справедливым и историческим решением". Маулен Ашимбаев акцентировал внимание на необходимости широкого обсуждения этой даты в обществе, подчеркивая ее роль в формировании национальной памяти.

День Республики напоминает о ценности суверенитета и необходимости его укрепления. Праздник подчеркивает важность единства, развития экономики и социальной справедливости. Он стал площадкой для осмысления достижений Казахстана на международной арене и обсуждения вызовов, стоящих перед страной.

25 октября — это день гордости за прошлое и уверенности в будущем. Праздник объединяет казахстанцев, напоминая о значении исторической памяти и национальной идентичности.

День Республики Казахстан прошел долгий путь от символа борьбы за суверенитет до одного из главных национальных праздников, объединяющего страну. 25 октября 1990 года Казахстан сделал первый шаг к независимости, заложив основу для дальнейшего развития. Возвращение праздника к статусу национального в 2022 году подчеркнуло его историческую и культурную значимость. Сегодня День Республики — это не только дань прошлому, но и возможность для казахстанцев гордиться своей страной, укреплять единство и строить будущее.

Источник: el.kz



кивались достижения молодой республики. Граждане активно участвовали в этих событиях, воспринимая 25 октября как символ борьбы за самостоятельность и преодоления трудностей. Праздник в те годы был пронизан патриотическим духом, отражая стремление казахстанцев к укреплению государственности. Однако ограниченные ресурсы и сложная обстановка накладывали отпечаток на масштаб мероприятий, которые чаще всего ограничивались официальными форматами.

Эволюция праздника

